

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ШЕТ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған  
«АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІ:  
ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯСЫ»  
атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық  
конференцияның материалдарының жинағы

26 қараша, 2021 ж.

Collection of articles of the International  
online scientific and practical conference  
"FOREIGN LANGUAGES IN ASIAN COUNTRIES:  
TEACHING EXPERIENCE AND INNOVATION"  
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence

November 26, 2021

Сборник материалов Международной  
научно-практической онлайн-конференции  
«ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В СТРАНАХ АЗИИ:  
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ И ИННОВАЦИИ»,  
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан

26 ноября 2021 г.



INNOVATION

Нур-Султан  
2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ**

**ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ**

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған  
«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы» атты  
халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияның  
материалдарының жинағы  
26 қараша, 2021 ж.**

**Collection of articles of the International online scientific and practical  
conference "Foreign Languages in Asian Countries:  
Teaching Experience and Innovation"  
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence  
November 26, 2021**

**Сборник материалов Международной научно-практической  
онлайн-конференции «Иностранные языки в странах Азии: опыт  
преподавания и инновации», посвященной 30-летию независимости  
Республики Казахстан  
26 ноября 2021 г.**

@Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

**Нұр-Сұлтан, 2022**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
А30

**Редакция алқасы:**

Төраға – Қосыбаев М.М., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы  
Жауапты редактор – Мейрамбекова Л.К., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі  
Ғылыми редакторлар – Бейсембаева С.Т., ф.ғ.к.,  
Есенғалиева А.М., п.ғ.к.  
Техникалық редакторлар – Милованова Н.В., магистр;  
Кулахметова Ж.Т., магистр

**«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы»**  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (26 қараша 2021 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 299 б.

ISBN 978-601-337-620-2

Жинаққа «Азия елдерінде шет тілдерін оқыту: тәжірибесі мен инновациясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енді. Конференцияға Ресей Федерациясы, Франция, Испания, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан білім берудегі саласының мамандары қатысты.

Жинақта білім беру ісінің өзекті мәселелері, осы заманғы озық технологияларды меңгеру мен оны оқыту ісінде қолданудың тиімді әдістері, кредиттік оқыту жүйесінің теориясы мен әдістемелік негіздері, педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасы, халықаралық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері кең көлемде қамтылған.

Конференция материалдары профессор-оқытушылар құрамына, ЖОО-ның білім алушыларына, сонымен қатар қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-337-620-2

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Белкова М. М. Информационные компьютерные технологии на уроках английского языка // Английский язык в школе. 2008, №, с.73–75.
2. Беляева Л. А., Иванова Н. В. Презентация PowerPoint и ее возможности при обучении иностранным языкам // Иностр. языки в школе. 2008, №4, с.36–40.
3. Кисунько Е. И., Музланова Е. С. Интерактивное обучение учащихся 10–11-х классов английскому языку с использованием компьютерных технологий // Английский язык, Изд. дом “Первое сентября”. 2007, №16, с.5–8.
4. Досмахонова А. Шығармашылық қабілет // Бастауыш мектеп. – 2001. - № 3. – 33. Жарықпаев Қ. Психология / Алматы. «Білім». – 1995. – 265.
5. Әлімов А. Интербелсінді әдістерді ЖОО-да қолдану. Оқу құралы. – Алматы 2013.

**ӘОЖ 811.512.122**

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

**Тергембаева Кенжегүл Ілиясқызы**

[324750@mail.ru](mailto:324750@mail.ru)

докторант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**Маманкүл Ақмарал Әбибұлақызы**

[Akmaral584@mail.ru](mailto:Akmaral584@mail.ru)

докторант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Тіл—бір адамның ғана емес, тұтас ұлттың құндылығы. Тіл жоғалса — ұлт жоғалады. Ал, әлемдік деңгейдегі қатынас тілдерін меңгеру — өмір қажеттілігі. Бір тіл білсең — бір адамсың, он тіл білсең он адамсың деген теңеуді бекер қолданбаған және қанша тіл білсең де өз ана тіліңе деген сүйіспеншілік бірінші орында тұруы тиіс.

"Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!"-деп, ақын Қадыр Мырза-Әлі айтқандай өзге тілді үйренуге талпыну қажет, туған тілдің абыройын да тапталпау аманат [1].

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған жылдардан бастап Мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңіту мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдап, қажет деген жұмыстарды жүргізді. 1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы қабылданды. Аталған заңның 4 бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы, ал 5 бапта орыс тілін қолдану туралы жазылған. 4 бапта «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп мерейін асырса, осы Заңның 5 бабында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген [2]. Осылайша Мемлекеттік тілдің «мәртебесін» заң аясында белгілегеннен кейін қазақ тілін мемлекеттік мекемелерде кезең-кезеңімен оқыту курстары ұйымдастырылды. Осы мақсатқа мемлекеттік бюджеттен қомақты қаражаттар бөлінді және игерілді. Бірақ, нәтиже өте мардымсыз. Осы мақалада осы айтқан мемлекеттік проблеманың себебін анықтауға тырысамыз. Мемлекеттік тілді өз тұғырына қоя алмай келе жатқанымыздың ең бірінші әрі басты себебі, ол елімізде ұлттық идеологияның жоқтығы. Ұлттық идеологиясы жоқ елде ұлттық құндылық дамымайды. Даму былай тұрсын жерге тапталып, абыройдан жұрдай болады. Біздің отыз жылдағы тіл мәселесіне келгенде қиянат көріп жатқанымыз да осыдан. Мысалы, біз, осы мақаланың авторлары К.Тергембаева мен А.Маманқұл Түркия елінде тағлымдамада болдық. Диссертациялық жұмыстың тақырыбына байланысты зерттеу жұмысынан бөлек осы елдің тілге қатысты қалыптасқан саясатына да мән берген едік. Бұл елде ең алдымен ұлттық идеологияға жете мән берілетінін аңғардық. Ұлттық құндылық алғашқы орында болғандықтан бұл елге келген өзге мемлекеттің азаматтары Түркияның тіліне, заңдары мен ұлттық рәміздеріне құрметпен қарайды. Кез-келген жергілікті түрік азаматына қай (ағылшын, орыс, қазақ және тағы басқа) тілдерде жүгінсеңіз де түрік тілінде жауап аласыз. Сондықтан осы елдің қарым-қатынаста көп қолданатын сөздерін жаттап алуға, қалған түсінбеген сөздерді анықтау үшін ғаламтордағы аударма қызметіне жүгінуге тура келеді. Бұл осы елде қызмет жасауға, оқуға немесе туристік мақсатта келген адамдардың тілге деген мұқтаждығын қалыптастырып, түрік тілін үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Міне, қазақ тіліне деген қажеттілік те дәл осындай деңгейде болуы үшін алдымен тілдің мәртебесін тиісті деңгейге көтеру қажет. Ал, ол үшін мемлекеттік деңгейде ұлттық идеологияны қолға алған абзал.

Тілді оқыту барысында озық елдердің тәжірибесі мен инновациясына сүйенген жөн. Олардың тілді меңгеруге деген құлшынысты тудыратын

факторларды қалыптастыру дағдыларын зерттеп, сол ортаға сай қызметті ұйымдастырған абзал деген тұжырым жасаймыз. Тілге деген қажеттілік пен ынта болған кезде оны оқыту жеңіл болады. Ал, тілге қажеттілікті қалыптастыратын Мемлекет. Яғни, кез-келген тіл сол мемлекеттегі немесе әлемдегі сұранысқа ие болуы тиіс. Мысалы, диссертациялық жұмыс тақырыбына байланысты тағлымдамадан өту мақсатында бірнеше докторант Түркия еліне бардық. Бұл елде Мемлекеттік тіл — түрік тілі және бұл елде тіл проблемасы жоқ, еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін тек мемлекеттік тілде сөйлейді. Тіл тұтастығы бар, ұлттық идеология өз деңгейінде жұмыс жасап тұр. Туризм саласымен әлемді өзіне тарта білген Түрік елінің тіліне деген қызығушылық бар. Қызығушылық талаптан туындайды, яғни түрік тілін білмейтін адамға Түркияда жүріп-тұру қиынға соғады. Яғни, тілге деген талап бар. Талаптан қажеттілік пайда болады, осылайша тағдырын осы елмен байланыстырғысы келетін кез-келген адам бұл елде еркін жүру үшін түрік тілін меңгеріп алуға тырысады. Дәл осы сияқты Қазақстанда қазақ тілін оқуға қызығушылықты арттыру үшін ең алдымен оған деген қажеттілікті қамтамасыз етуіміз қажет.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті «Мемлекеттік тілді үйрету: әдіс, тәжірибе, инновация» атты семинар өткізіп, Талдықорған және Өскемен қалаларында өткен дөңгелек үстелде талқыланған мәселелер мен әдіс-тәсілдерді, ұсыныстарды әдістемелік құрал ретінде басып шығарды. Семинардың мақсаты – мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесін жетілдіру, озық тәжірибені зерделеу және қорыту, оқудың инновациялық әдістері мен технологияларын тәжірибеге енгізу болды [3]. Бірақ, түрлі талқылаулар ортаға салынып, тіл мамандары үздік сабақ үлгілерімен бөлісіп, әдістемелік құралдар жасап шығарса да оның тиімділігі мен нәтижесі болмады. Себебі, мемлекеттік тілге деген мемлекеттік деңгейде қажеттілікті қамтамасыз етпей тілді дамыту туралы айту бос әуірешілік. Дегенмен, мемлекеттік деңгейде шаралар қабылданып жатыр. Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне тіркелген «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысына сәйкес, орталық, жергілікті атқару органдары, Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қабылдауы тиіс. «Бағдарламаның мақсаты: қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу» деп көрсетілген [4]. Бағдарламаны іске асыруға 2020-2025 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалатын болады. Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен жалпы шығындар 16989,9 миллион теңгені құрайды.

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап таза қазақ тілінде оқытатын мектептердің саны артты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мыңнан астам мектептер салынды. Оның басым көпшілігі мемлекеттік тілде білім береді. Мысалы, egemen.kz сайтындағы мәлімет бойынша Үкіметте өткен Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияның отырысында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдардағы қазақ мектептеріне баратын балалардың саны 900 мыңнан 1 миллион 700 мыңға дейін артқаны айтылған. Ал қазіргі күні мемлекеттік орта мектептердің жалпы саны 8 мыңға жақын болса, қазақ тілінде білім беретін мектептердің саны 4 мыңға жуықтайды [5].

Тәуелсіздік алған отыз жылда қазақ тілі керемет қарқынмен дамыды деп айтуға негіз аз. Оның дамуына кедергі келтірген жоғарыда айтқандай ұлттық идеологияның жоқтығы ғана емес, сонымен қатар 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 бабы 2 тармағы. Онда: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп көрсетілген [6]. Осы сөз жоғарыда айтылған «Тілдер туралы» заңда да көрініс тапты. Заңның «тілдердің қолданылуына» қатысты 8 бабында «орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген жолдар тағы да қайталанды. Осы баптың салдарынан мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік тілдің қолданылуы өте нашар көрсеткішке ие. Себебі, аталған құқықтық-нормативтік жолдар Қазақстандағы мемлекеттік тілге деген сұранысты төмендетіп, қажеттілігін кемітуге негіз болуда. «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Заң түзелсе – тіл де түзеледі» атты мақалада: «Әлемде түрлі тәжірибелер бар. Басқасына тоқталмай-ақ, мына Ресейді алайық. Бұл елде орыс тілін білмейтіндер мемлекеттік қызметте істей алмайды. Ресей федералді мемлекет. Бірнеше республикалардан құралған. Федеративтік ел. Ал, біз бір елміз. Былайша айтқанда бір ұлтты елміз. Бізде автономия деген жоқ. Сондықтан мемлекеттік тіліміз қазақ тілі болатын болса, онда мемлекеттік тілді білу әрбір азаматтың парызы емес, міндеті болуы керек» - деген тұщымды пікір жазылған [7]. Яғни, тіл жанашырларының талабы бойынша «парыз» сөзі «міндет» сөзімен алмастырылуы тиіс. Сонда ғана талап күшейіп, жауапкершілік артады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алған отыз жылдың ішінде тіл саясатына байланысты көптеген жұмыстар атқарылды. Оның ішінде қабылданған заңнамалық актілерден бастап, тілді дамытуға арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тілді тегін оқыту курстары және тағы да басқа іс-шараларды атауға болады. Дегенмен, осынша ауқымды шаралар қабылдағанның өзінде отыз жыл уақыт ішінде Мемлекеттік тіл мәртебесі ресми түрде берілген қазақ тілі неге өзінің тиісті дәрежесіне көтерілмеді, неге тілді

дамыта алмадық деген сұрақтың туындауы заңды. Әлі күнге дейін бас қаладағы ірі шаралардың басым көпшілігі орыс тілінде өткізіліп келеді. Қоғам арасында қазақ тілін үйренуге қызығушылық жоқтығына не себеп? Неліктен қазақ тіліне деген сұранысты қалыптастыра алмай келеміз? Бұл олқылықтың себебі мен жауабы ретінде екі негізгі факторды алға тартамыз:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» және «Тіл туралы» заңындағы «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген жолдар:

2. Қазақстанда ұлттық идеологияның жоқтығы деген тұжырым жасаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қасанова А., Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://www.abai.kz> (жарияланған күні 01.10.2016)
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы [Электрон. ресурс]. – 1997. – URL: <https://www.adilet.zan.kz> (жарияланған күні 11.07.1997)
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті «Мемлекеттік тілді үйрету: әдіс, тәжірибе, инновация» атты семинар жинағы. Астана, 2017. 137 б.
4. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.primeminister.kz> (жарияланған күні 09.12.2020)
5. Шотбайқызы А., Аралас мектеп мәселесі алаңдатады [Электрон. ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.egemen.kz> (жарияланған күні 18.01.2019)
6. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» [Электрон. ресурс]. – 1995. – URL: <https://www.adilet.zan.kz> (жарияланған күні 11.07.1995)
7. Сәрсенбай Қ., Заң түзелсе – тіл де түзеледі [Электрон. ресурс]. – 2009. – URL: <https://www.anatili.kazgazeta.kz> (жарияланған күні 17.09.2009)